

УДК: 81-2

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРАУЛАРЫ – ОНЫҢ БАЙЛЫҒЫНЫҢ КӨРНІСІ

Безаубекова А.Д.

аға оқытушысы, ф.ғ.к,

ҚМПИ

Белозерская Е.А.,

1 курс студенті, ҚМПИ,

Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Мақалада қазақ тілі тарауларының зерттелгені жайлы жазылған. Қазақ тілінде дыбыс, грамматика, морфология, синтаксис деген сөздердің мағынасы сипатталған. Қазақ тілінің қандай бай тіл екені жайлы тоқталған.

Аннотация

В этой статье исследованы основные главы казахского языка. Охарактеризована значение слов грамматика, морфология, синтаксис в казахском языке. А также говорится о том что, насколько богат казахский язык.

Abstract

This article is about the basic chapters of Kazakh language. Described value of words of grammarian, morphology, syntax in Kazakh. And also talked about that, as far as Kazakh is rich.

Түйінді сөздер: қазақ тілі, фонетика, грамматика, синтаксис, морфология.

Ключевые слова: казахский язык, фонетика, грамматика, синтаксис, морфология.

Key words: kazakh language, phonetics, grammar, syntax, morphology.

1989 жылы 11 қыркүйекте қабылданған "Тіл туралы" Заңда "Тіл - халықтың ұлы жетістігі, әрі оның ажырамайтын және бөлінбейтін белгісі" делінген. Ал бірінші баптың бірінші тармақшасында "Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады" деп жазылған.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев "Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде" деген тұжырымдаманы үнемі айтып келеді. Қазақ тілі мәселесі мемлекеттік деңгейге көтерілген кейінгі жылдары бұқара жұртшылық та ана тілі үшін белсенділік танытуда. Бірақ әлі шешілмей жатқан түйінді мәселелер де баршылық. Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды.

Қазақ тілі – өзіндік әдеби, ғылыми және саяси жазу нормасы қалыптасқан бай тіл. Қазақ тілінің әртүрлі тарихи кезеңдерді бастан кешкен қазақ халқының тарихымен тығыз байланысты. Оның қалыптасуға бет алуы XI–XII ғасырлардағы Түрік қағанатының пайда болу кезеңінен басталып, XV ғасырдағы қазақ хандығы тұсында әбден қалыптасып болған еді. Басқа түркі тілдерімен салыстырғанда, сөздік қоры жөнінен, қазақ тілі – ежелгі таза қалпын тұтас сақтап келе жатқан тілдердің бірі.

Қазақ тілі – бай да құнарлы тілдердің қатарына жатады. Ежелгі бабаларымыздың тарихы, шежіресі және түрлі әдеби мұралар бүгінгі ұрпаққа өзіміздің осы ана тіліміз арқылы жетіп отыр. Тіл тарихи халық тарихына ұқсас. Қоғамның жылжып, өзгеруіне байланысты тіл де дамып, өзгеріп отырады. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан, кез-келген мемлекет өзінің аумақтық салт-дәстүрін, ана тілін ерекше қорғайды. Ана тілін дамыту, қорғау дегеніміз – өз ана тілінде таза сөйлеу және оны жақсы біліп, туған анадай сүю:

Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан,
Құлағыма сіңірген таныс үнін,

- деп С.Торайғыров ағамыз жырлап өткен. Ана тілінің күші мен құдіретін туған халқымыз әуелден-ақ бағдарлап, сөз өнерін бар өнердің басы деп санаған. Мысалы: "Өнер алды – қызыл тіл", "Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады", "Тоқсан ауыз сөздің, тобықтай түйіні бар" сөздері халқымыздың орынды сөзге қандай мән бергенін көрсетеді.

Абайдың даналығына, Махамбеттің батылдығына, Бұқардың ақылгөйлігі мен халқына деген жанашырлығына, Абылайдың данышпандығына, Бөгенбай мен Қабанбайдың ерліктеріне сүйсініп, рухани өмірімізге азық етеміз.

Фонетика гректің фоне деген сөзі негізінде қолданысқа еніп қалыптасқан. Фонеманың мағынасы – дыбыс, үн, дауыс. Фонетика – тіл ғылымының, тілдердің дыбыстық жүйесін зерттейтін саласы. Ол тіл дыбыстарын, олардың құрамын, тілдегі дыбыстардың өзгеру заңдылықтарын зерттейді. Тілдегі лексикалық және грамматикалық құбылыстар тіл дыбыстарымен, тілдің дыбыстық жүйесіндегі фонетикалық заңдылықтармен байланыста, қарым-қатынаста болады.

Қазақ тілінде дыбыс деген сөздің мағынасы әр түрлі. Дыбыс деген ұғым тек тіл дыбыстарына ғана айтылмайды, бізді қоршаған ортаға тән құбылыс. Жалпы дыбыс болу үшін мынадай үш түрлі шарт керек:

1. дыбыс шығаратын дене;
2. дыбыс шығаратын денені қозғалысқа келтіретін күш;
3. ауа толқырлық кеңістік.

Сөйлеу тілінің дыбыстарының пайда болуына да осындай үш түрлі шарт керек:

1. дыбыс шығаратын дене- сөйлеу мүшелері,
2. қозғалысқа келтіретін күш - өкпеден шығатын ауа,
3. кеңістік – тыныс мүшелері, тамақ.

Тіл дыбыстарының тілдік емес дыбыстардан негізгі айырмашылығы – олардың адамның сөйлеу мүшелері арқылы жасалатындығында.

Сөйлеу мүшелері дегеніміз – тіл дыбыстарын жасауға қатысатын дыбыстау мүшелері. Тіл дыбыстары дыбыстау мүшелері арқылы жасалады. Сөйлеу дыбыстарын жасаудағы дыбыстау мүшелерінің қызметін артикуляция дейміз. Сөйлеу мүшелері – сөйлеу органы немесе дыбыстау аппараты деп те атала береді. Сөйлеу мүшелерінің тіл дыбыстарын жасау қызметі адам жаратылысында, туа пайда болатын биологиялық қасиет емес, ұзақ мерзімдік жаттығу нәтижесінде, өзін қоршаған ортадан, өмірден үйренетін қосымша қызметі. Адамның сөйлеу органы үш бөліктен тұрады.

1. тыныстау аппараты;
2. көмей (тамақ, желбезек) дауыс шымылдығы деп те аталады;
3. мұрын қуысы мен ауыз қуысы

Грамматика – тіл білімінің сөз таптарын, сөздердің өзгеруі мен сөйлем құрылысын зерттейтін саласы.

Үлкен екі саласы бар:

1. морфология;
2. синтаксис.

Грамматика ережелерді орнату жолымен тілдік категориялар арасындағы қатынас жүйесі. Орнатылған ережелер негізінде тілді құрайтын элементтер қалыптасады және бірігеді. Бұл элементтер анық болып көрінсе де, грамматикада теориялық ұғым болып табылады, «зат есім, етістік, сын есім» сияқты.

Грамматика (грек. лат. *grammatike (techne)* – әуел баста әріптерді оқи алу және жаза білу өнері, лат. *gramma* – әріп) –

1. тілдің ішкі (граммат.) құрылысы, яғни сөз тудыру, сөзжасам тәсілдерінің морфологиялық, сөз таптары мен түрлену формаларының, категорияларының, сөздің бір-бірімен байланысуы, сөз тіркесінің, сөйлем құрылысының жүйесі;

2. тілдің грамMAT. құрылысын, оның заңдылықтарын зерттейтін, яғни тілдегі сөз таптарын, олардың түрлену жүйесін, грамMAT. тұлғалары мен категорияларының, сөздің бір-бірімен тіркесу тәсілдері мен түрлерін, сөз тіркестері құрылысын, сөздердің сөйлемдегі қызметін, сөйлем жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір сапасы.

Грамматика деген ұғым тілдің құрылысы ретінде де, ғылым ретінде де үш саладан тұрады:

1. сөзжасам процесінің тәсілдері – сөз тудырудың жолдары мен түрлері, тілдің сөз байлығын молайту амалдары;

2. морфология – сөздің грамMAT. мағыналары мен формалары, грамMAT. Категориялар, сөздің морфол. құрамы мен сөз таптары, олардың түрлену жүйесі мен сипаты;

3. синтаксис – сөздердің бір-бірімен байланысу тәсілдері мен түрлері, сөз тіркесі мен сөйлемнің құрылысы, түрлері, сөйлемдегі сөздердің қызметі.

Морфология – белгілі бір тілге тән сөздердің грамматикалық категориялары мен сөз формалары грамматикалық категориялардың жиынтығы мен жүйесі. Дәлірек айтсақ, морфология – сөздердің өзгеру жолдары мен амалдары, грамматикалық формалар мен грамматикалық мағыналардың берілу тәсілдері туралы ілім: морфология – сөздердің формасы туралы ілім.

Морфология тілдегі сөздердің құрылымын, сөз компоненттерін, олардың қызметін, сөздердің түзілу ерекшеліктері мен өзгеру жолдарын, сөз формаларының жасалу және берілу тәсілдерін, сөз мағынасы мен формасының арақатынасын, сөздердің грамматикалық мағыналарын зерттеп, тексереді. Морфологияның негізгі объектісі – морфтар мен морфемалар – сөз формасының ең қысқа мағыналы бөлшегі. Морфология – сөз формасы мен сөздің грамматикалық мағынасына қатысты ірілі-ұсақты (зат есім, септік, тәуелдік) грамматикалық категорияларды зерттейтін ілімі.

О.С. Ахманова морфологияны тілдің сөз түрлендіру жақтарын қарастыратын (морфология словоизменение) деп үш түрге бөледі. Бұлардың біріншісі сөздердің грамматикалық формаларын жасауда тілдің тиісті бір единицаларының грамматикалық құралдарына көңіл бөледі, екіншісі тілдің сөз жасау тәсілдерін зерттейді; үшіншісі сөз тіркестерінің морфологиялық жақтарын, дәлірек айтқанда, сөз тіркестерін құраушы элементтерінің морфологиялық белгілерін қарастырады.

Синтаксис – гректің *syntaxis* (құрастыру, түзу – составление, построение) деген сөзінен алынған. Синтаксис тілдегі сөздерді байланыстырып сөйлеу құралдарын зерттейді. Синтаксис – сөйлеушінің негізгі единицаларын, яғни сөз тіркестері мен сөйлемді зерттейтін ілім. Синтаксистің негізгі объектісінің бірі – синтагма (сөз тіркесі).

Әдебиет тізімі

Диалектологиялық сөздік. Алматы: Арыс, 2007 ж., 800 бет.

Диалектілік сөз мағынасы. Атабаева М., Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1996 ж., 116 бет.

Қазақ диалектологиясы. Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш., Алматы: Ана тілі, 1991 ж., 200 бет.

Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Досқараев Ж., Алматы, 1955 ж., 229 бет.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Дайк-Пресс, 2008 ж., 968 бет.

Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Павлодар, 89 бет.

Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті. Омарбеков С., 2008 ж., 224 бет.

Түрікше-қазақша сөздік. Байниязов А., Байниязова Ж., Алматы, 2012 ж., 495 бет.

Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Часть I. Аманжолов С., Алма-Ата, 1959г.

Узбекско-русский словарь. Ташкент: Главная редакция Узбекской Советской Энциклопедии, 1988 г., 726 стр.;

Orhon Yazıtları. Tekin T., Ankara: Türk Dil Kurumu, 2010, 232 s.

Узбекча туркча луғат. Юсуф Б., Тошкент: Узбекистон, 1993, 416 бет.

<https://kk.wikipedia.org/wiki>